

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 234 қаулысы. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 5 мамырдағы № 65 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 05.05.2026 № 65 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді).**

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 - бабының 5-1) тармақшасы және 69 бабына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына сәйкес, өтініш және жерге орналастыру жобасы негізінде Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі су құбыры желілеріне қызмет көрсету және пайдалану үшін ауданы 1,6199 гектар Қостанай облысы Әуликөл ауданы Көктал ауылының аумағында (елді мекен шегінен тыс) аумағында орналасқан жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін

2. "Әуликөл ауданы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылғанынан кейін бес жұмыс күні ішінде оның көшірмелері Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберілсін;

2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК